


# «АЛАШ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК»

аймақтық ғылыми–практикалық конференция

## материалдар жинағы

Алаш-Орда.  
Алаш-Орда.  
Алаш-Орда.  
Алаш-Орда.



АТЫРАУ-2017

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДА САҚТАЛҒАН СҰЛТАН МҰРАСЫ

**Нуркеева Л.** - аға ғылыми қызметкер,  
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезеңі Қазақ өлкесі мен қазақ халқы үшін түрлі саяси мәселелердің күшеюімен толы болды. Соның ішінде патша үкіметінің қазақ жерлерін «артық, бос» деп танып, оған Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс шаруаларын қоныстандыру, жергілікті көшпелі халықтан шұрайлы жерлерді тартып алу үшін қабылданған қаулылар, қазақтардың шөлейтті аймаққа ығыстырылуы – ұлт-азаттық қозғалыстардың кезекті толқуларына әкелді.

«Тұңғыш заңгер», «Қазақ халқының адвокаты» атына ие болған Бақытжан сұлтан Қаратаев өз елінің қамын жеген біртуар нар тұлға. Бақытжан Бисалыұлы Қаратаев 1860 жылы 10 мамырда Орал облысының Қаратөбе ауылында дүниеге келген. Дәулетжан сұлтанның ұлы болғанымен ежелгі қазақы дәстүр бойынша атасы Бисалы Қаратаев бауырына басқан, сол себепті сұлтан өзін ресми құжаттарда Бақытжан Бисалыұлы деп көрсетеді (Озғанбай, 2013, 21-б). Қазіргі деректерде Бақытжан сұлтанның туған ауылы Орал (Батыс Қазақстан) облысы, Қаратөбе ауданына қарасты Ақбақай ауылы екенің анықтап көрсетеді [1]. Ол Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың тікелей ұрпағы, дәлірек Әбілқайыр хан > Нұралы хан > Қаратай хан > Бисалы сұлтан > Дәулетжан сұлтан > Бақытжан сұлтан. Жас сұлтан әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Орынбор гимназиясын үздік бітірген (тарихшы В.К.Григорьев 1886 жылы бітірді деп көрсетеді) [2, 20-б].

Алғырлығы мен білімге деген құштарлығынан сол 1885 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1890 жылы бетіне «ИСПУ.1890.Каратаев» деп аты жазылған алтын медальмен аяқтап шығады [3].

Бақытжан сұлтан Қаратаев 65 жасында өз қолымен Халықтық Әділет Комиссариатының анкетасына толтырған мәліметтер бар: «Орал губерниясы, Жамбейіт уезі, Жаксыбай болысының №3 ауылында дүниеге келген, мамандығы - заңгер, 1878 - 1886 жылдары Орынбор гимназиясын, 1890 жылы Санкт - Петербург университетінің заң факультетін бітірген, қандай партияға мүше болғаны – 1905 - 1914ж.ж. кадет, 1914-1917 ж.ж. РСДРП, 1917 жылы мамырынан большевиктер партиясына мүше (билет № 512441), 1907 жылы Мемлекеттік II Думаға депутат, Орал әскери казак үкіметінің нұсқауымен 15.04.1918-24.01.1919 ж.ж. Орал түрмесінде болғанын толтырған, 1917 жылдың мамыр айынан коммунистік партияға мүше» [4].

Империя астанасында оқып жүрген студент Қаратаев демократиялық бағыт ұстаған түрлі студенттік толқуларға қатысады, сол үшін де бірнеше рет ескерту алады. Университеттегі жетісулық Барлыбек Сыртанов, көкшетаулық Мәмбетәлі Сердалин, бөкейлік Бақтыгерей Құлманов, ақтөбелік Абдолла Теміровпен бірге бас қосып, жастарға казак тарихында ең алғашқы ұйытқы болған «Жерлестер» ұйымын құрады (тәуелсіздік аңсаған қазақ жастарынан бөлек кавказ, украин, сібір, поляк, түркі жастарының топтасумен түрлі жерлестік жас ұйымдар құрылған). Жоғары білімді заңгер санатында болған «Бақытжан Қаратаев юстиция министрлігінің қарауына кіргізіліп, департаменттік басқару сенатындағы екінші мекемесіне қызметке қалдырылды» деп 1891 жылы «Дала уәлаяты» газетінің №10 санында жарияланып қазақ жұртшылығын бір қуантса да бұратана елдің мүддесін қорғайтын білікті маман империялық үкіметке қажет болмады. Бақытжан Қаратаевтың өз елі – Қазақ жерінде бірде-бір маман заңгердің жоқтығына қарамай үкімет оны Кавказға – Грузияның Кутаиси қаласына тергеушілік қызметке тағайындаған. Жат жерге азаматын жалғыз жібермеу үшін сұлтанға демеу, пана болуға Гурьев уезінен 18 отбасы Кутаиси губерниясы Нева-Сеноки

уезіне еріп көшіп барады. Өзге тіл, бөтен салт - дәстүр ортасы әуелгі кезде онай болмағанымен білімі мол, жан - жақты дарынды, білікті заңгер-тергеуші Бақытжан Қаратаевты гүржі елі толығымен мойындап өз дәстүрлеріне сай сұлтанды құрметтей алды [5, 29,31 бб].

37 жасында туған өлкеге оралған сұлтан Қаратаев әуелі Орынборда тергеуші, 1897 жылдан бастап Оралда, Жымпитыда қорғаушы қызметінде болады, отаршылдық кебінен өз халқын азат етуді, патша үкіметін әшкерелеуге кіріскен қазақ зиялыларымен бірігіп 1905 жылы жазда Торғай және Орал қазақтарының петициясын орталық билік органдарына жолдаған. Онда жер - су мәселесіне қойылатын талаптардың басы - қасында Бақытжан Қаратаев болды. Ал көтерілген мәселелер мынадай еді:

- қазақ жерінде бұл күнге дейін қала салып алып, бейбіт өмір сүріп келе жатқан орыстар отыра берсін, олар алған жерге талабымыз жоқ. Бірақ қалған жеріміз мәңгі ұрпақ мұрасы ретінде басқа ешкімді ортақтастырмай, қазақ халқының өз пайдасына берілсін. Сондай-ақ, бұл жерді қазақ халқы императрица Анна Иоановнаның грамотасына сәйкес ықтиярлы, тығыздық көрмей пайдалансын;

- мұнан былай қазақ жерінен орыс шаруаларына жер кесімді бөліп берілмесін және қазақ жерінен переселен учаскелері бұдан былай ашылмасын;

- Дала Ережесінің 119 - 136, яғни осы он жеті баптың барлығы негізсіз деп танылып, күші жойылсын;

- қазақ халқының қолына жер мәңгілік өзіндікі деген құжат берілсін.

Бақытжан Қаратаев бастаған қазақ делегациясы петицияны тиісті орындарға тапсырған соң Санкт-Петербурдағы II Николай патшаның қабылдауында болады, үкіметтің переселен (қоныс аударту) саясатымен жүргізіліп жатқан реформасының қазақтарға зиянды іс-шара екенін ауызша жеткізеді. Бұған генерал Ғұбайдолла Жәңгіров көп көмегін тигізген [6,33-34,43бб].

1905 жыл шілдедегі патша қабылдауынан оң нәтиже шықпады, қазақ тобы сол уақытта империяда қалыптасып күшейген солшыл қозғалыстарға бой ұсынады, ұйымын құп көреді [7], сөйтіп 1905 жылы Орал қаласында Қазақстанның бес облысының өкілдері қатысқан съезде Ә.Бөкейханов, Ж.Сейдалиев, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов делегат болды. Съезде «Қазақ конституциялық - демократиялық партиясын» құру мәселесі қаралып, жыл соңында Оралдағы құрылтайда қабылданған партия бағдарламасын қазақ заңгері Бақытжан Қаратаев дайындаған [8,36-б]. Отаршыл үкіметтің озбырлы саясаты қазақ жері мен халқын әбден титықтатқан кезде қазақ саяси элитасы оппозициялық күшке айналуы заңдылық деп білемін.

Қазақ кадеттерінің бағдарламасында қазақ жері бүтіндей сол елдің меншігі деп жарияланатын заң қабылдауға қол жеткізу, ішкі Ресейден көшіп келушілер легін тежеу, олардың қазақтың шұрайлы жер - суын тартып алуды тоқтату, қазақ жұмысшыларының мүддесін қорғайтын заңдар шығару, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу т.б талап - тілектер болды [9], одан бұрын 1897 жылы қазақ балаларының білім алуы үшін Орынборлық реалды училищеге арнайы стипендиялық қор құруға ат салысады (10, 296-б).

Елдегі талан - тараж ахуалдарын көріп отырған Бақытжан Қаратаев патша үкіметінен қазақтың көрген зәбір, қорлық - мұңын баспасөз бетіне жариялап мемлекет және Ресей халықтарының назарын аудартуды көздейді, 1907 жылы ақпан айында «Орал» газетінде (1907 жылы қаңтардан бастап жарық көрген большевиктік газет) «Россия халқына ашық хат» пен «Оренбургский край» газетінде «Орыс азаматтарына» деп аталған үндеу-мақалаларын жариялайды [11], онда «Россия граждандары! Біз, қазақтар, үкіметтен көп қорлық көрдік, үкімет біздің жерімізге Россия ішіндегі крестьяндарды көшіріп талауда... Бұл үшін бізге зорлық болған секілді бүтін Россия халықтарына бек зарарлы деп өтініп қарадық. Біздің ықтиярымызға үкімет бір де ілтифат етпеді. Үкімет біздің надандық пен біздің оқымағандығымызды пайдаланып, біздің бүтін облыстардағы жақсы жерлерімізді талап алып,

көшіп келген адамдарға беріп тұр. Бізге құмнан һәм шағыр, өрім өсетін жерлерден басқа бір нәрсе де қалмады» [12, 38-39 б.б].

Сол замандағы бұқаралық ақпарат құралдарының тиімді тетігі – газет, журналдар еді, 1907-1916 жылдары ағартушылық жұмыспен айналысқан Бақытжан Қаратаев «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналын шығаруға көмектеседі [13], яғни бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің бастауы болған «Қазақстан» газетін Ғ.Қараш, Ш.Бөкеев және Е.Бұйринмен бірге қолға алған, И.Жаманшалов және Рамьевпен бірге Санкт-Петербурда қазақ тілінде «Алаш» газетін шығаруға кіріскенімен газеттің жарық көруіне жол берілмеді [14].

1908 жылы Бақытжан Қаратаев Елжан Оразов және Серәлі Лапинмен бірге қазақтарды жерге орналастыру туралы заң жобасын жасап шығарады. Бұнда әуелі қазақтарды мал және егін шаруашылығына қолайлы жерге орналастырып, содан артып қалған жер болса ғана көшіп келушілерді орналастыру және жерге орналастыру жұмысын жүзеге асыратын облыстық, уездік комиссия құрамына қазақтардан өкілдерді кіргізу мәселелері қойылды [15,40-б].

Алайда, қазақ халқының көшпелі шаруашылықты ұстанатынын ескерместен Столыпин аграрлы реформасы нәтижесінде «бос жатқан жерлер» переселен-қарашекпенділерге аяусыз үлестірілді, 1906-1912 жылдары П.Скрыплев пен П.Румянцев бастаған статистикалық экспедициялар ақыры қазақ жерлерінің тартып алуына әкелді, помещиктер мен кулактардың жерге иелігі өсіп 1913 жылы «Сібірдегі, Дала өлкесіндегі және Түркістандағы қазыналық учаскелерді жалға беру туралы уақытша ереже» бекітілген соң генерал Яснов, полковниктер Козлов пен Семенов, помещик Потоцкий, Варун-Секрет, көпестер Заболотников, Сорокин, Остроухов т.б. десятинасына 10-25 тиын төлеп, ауқымды қазақ жерлерін 36 жылға жалға алған. Переселен саясаты нәтижесінде патша үкіметі Қазақстанда өзіне жаңа сүйеніш – отарлаушы кулактар арқылы сенімді тірек тапқан еді [16,46-б].

Жүргізіліп отырған саясаттың астарында қазақ халқын өз жері, мал-мүлкінен айырып, өз елінде халық азшылығына айналдыру жатқаның білген ұлт зиялылары өз бастарына төнген қауіп-қатерді елемей соңына дейін күресуге бел буады. 1905 жылдың желтоқсанында патшаның екі манифестінің негізінде құрылған I Мемлекеттік Думаға үлкен айтыс-тартыспен «бұратана халықтан» депутат сайлауға мүмкіндік алған қазақ зиялылары ішінен кейін 1907 жылы қаңтар-ақпан айларында II Мемлекеттік Думаға Орал облысынан Бақытжан Қаратаев, Ақмола облысынан Шәймерден Қосшығұлов, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан Темірғали Нүрекенов, Сырдария облысынан Тілеулі Алдабергенев, Астрахань губерниясынан Бақтыгерей Құлманов – мұсылмандар фракциясына, Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышпаев – кадет фракциясына тіркеліп депутат боп сайланады. Олар Дума мінбесінен патша үкіметінің отаршыл және аграрлы саясатының өктемдігін ашып айтты. 1907 жылғы «Айқап» журналының №11 санында «Қазақ жері хақында» деген мақалада сол жылдың наурыз айында II Мемлекеттік Думаның депутаттары Қаратаев, Бірімжанов, Қосшығұлов һәм Нүрекенов бас министр Столыпинмен, жер министрі дәрежесіндегі кінәз Васильчиковқа жолығып жер мұқтажын айтады, соның ішінде депутат Қаратаев «Қарашекпенділерді переселениенен тоқтату керек, Азиатск облыстарындағы қазақ жерлерін өлшеп, жақсысы қанша, жаманы қанша екенін білу керек, одан соң артық жерлер болса, переселение пайдасына шығару керек. Жаман жерлерін ешкім қызғанбайды» [17 деген талабына Васильчиков «XX ғасырда қазақтардың (киргиздардың) көшпелі өмір салтын тоқтату керек. Сол үшін де жаңа қоныстанушылар керек - ақ» [18,47-б] деп қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына менсінбеушілік таныта жауап берген болатын. Алайда депутат Бақытжан Қаратаев қазақ жері мен қазақ халқының мәселесін Дума мен баршаға айтып, үкімет саясатын қатты сынға алды, бұған оның 1907 жылы 16 мамырда II Мемлекеттік Дума (сессия II, отырыс 39) мінбесінен сөйлеген сөзі куә. Мәтіннің орысша нұсқасын (түпнұсқаға жақын) 1992 жылы жарық көрген республикалық «Мұрагер» журналының №2 санында тарихшы В.К.Григорьевтің мақаласынан [19,18-19 бб] оқуға болады. Ел мүддесі үшін қазақ

зиялыларының бар өмір жолы талай қиын-қыстауда өтті, бірақ өз халқының империялық кемсітушілік пен құқықтарының аяқасты болуымен күрес жүргізген нағыз саяси топ еді.

Қазақ халқының тұңғыш заңгері Бақытжан Қаратаевтың еңбектері кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұра болды, өзі көріп және өзіне қатысты оқиғаларды бірнеше жылда жазып шыққан «Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов», «Из истории Алаш-Орды», «К истории революционного движения в Уральской губернии», «Первый полководец казахских частей – А.Джангельдин», «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаева» еңбектері қалды. 1919 жылы 11 қыркүйекте құрылған Орал мен Бөкей қазақтарының ревкомын басқарған Бақытжан Қаратаев «Қазақ халқының қайраткерлеріне», «Құрметті қарттарға», «Керей руының ұлдарына» деген үндеулер жариялап, Кеңес өкіметі туралы шындықты баяндайды [20]. Отбасылық жағдайына келсек: сұлтанның бірінші әйелі – Әбуханиф Күнтөреқызы Сейдалина, одан Ғаббас (1893ж туған), Шәміл (1899 жылы туған), Мұрат деген ұлдары мен София атты қызы болған. Бәйбішесі қайтыс болғаннан кейін сұлтан екінші рет Рахила Ақшақызына үйленіп одан Зейнеп деген қызы болған. Үшінші әйелі Саржан Байманқызынан балалары болмаған[21,141-142бб].

Қазақ халқы үшін туған тұңғыш заңгер сұлтан Бақытжан Қаратаев ұзақ дерттен соң 1934 жылы 26 тамыз күні Ақтөбе қаласында дүниеден озды, бейіті ескі қазақ - орыс қорымында. Тек ақтөбеліктердің ғана емес, күллі қазақтың есінде мәңгі қалған Бақытжан Қаратаевтың есіміне Ақтөбе облыстық атқару комитетінің 20.01.1967 жылғы №16-2 шешімімен көше берілді [22].

Сұлтанның өзі мен ұрпақтарынан сыр шертетін біршама ескерткіш-жәдігерлер, фото, құжаттық деректер Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр: 1) қолданыста болған түкті кілем (Кутаиси қаласында тұрғанда ұстаған, ГКП-332, өлшемі: 125x200см); 2) XIX ғасырға тән фарфор тәрелкелер (қорда № 16413/1, 16413/2 тіркелген); 3) сабы ұзын ожау (№ 16415, өлшемі:10x25 см); 4) фарфор бокал (№ 16226, XIX ғасыр, түбінде Москва қаласының гербі бар); 5) қасық (№ 16416,өлшемі: 22x55 см); 6) бес сақиналы білезік; 7) Бақытжан Қаратаевтың 1886-1890 жылдардағы студент кезіндегі суреті; 8) Қаратаевтар және грузин князінің отбасыларымен бірге 1890 жылы Кутаиси қаласында түсірілген сурет; 9) Бақытжан Қаратаевтың 1890 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетін бітіргенде алған алтын медаль суреті; 10) Бақытжан Қаратаев және зайыбы Әбуханиф Сейдалина - Қаратаева 1890 жылы Грузияда түскен түпнұсқа суреті және де Қаратаев әулетінің ұрпақтары қолданған мақпал перде де өз орнын музейден тапқан. Музей қорында сақталған сұлтаннан қалған мұра болашақта толық зерттеліп, өскелең ұрпаққа үлкен өнеге болады деп сенемін. Өз халқы мен елінің тәуелсіздігі, жарқын өмірі үшін ақылын, ерік-жігерін аямай бар ғұмырын сарп еткен тұңғыш заңгер Бақытжан сұлтан Қаратаевтың есімі әрбір қазақтың есінде мәңгі сақталуы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 [https://kk.wikipedia.org/wiki/ Бақытжан\\_Бейсәліұлы\\_Қаратаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Бақытжан_Бейсәліұлы_Қаратаев)
- 2 Григорьев В. Его не слышали // «Мұрагер», №2. – А.; 1992, 20-б
- 3 <http://www.studfiles.ru/preview/3535393/>
- 4 <http://muragat.aktobe.gov.kz/kk/node/3421>
- 5 Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013. 5,29,31 бб.
- 6 сонда. 33-34,43 бб.
- 7 [http://el.kz/m/articles/view/ Бақытжан\\_Қаратаев](http://el.kz/m/articles/view/Бақытжан_Қаратаев)
- 8 Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013. 8,36-бб.
- 9 [http://el.kz/m/articles/view/ Бақытжан\\_Қаратаев](http://el.kz/m/articles/view/Бақытжан_Қаратаев)
- 10 История Актобинской области (отв.ред.Бисембаев А.А). - Актобе.; 2006, 296-б

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ  
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті  
Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті



Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған  
**«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ  
ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР»**  
тақырыбындағы республикалық  
ғылыми-теориялық конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

Республиканской научно-теоретической конференции  
**«ДВИЖЕНИЕ АЛАШ: ИСТОРИЯ, ИССЛЕДОВАНИЯ,  
И НАУЧНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ»**  
посвященная 100-летию движения «Алаш»

АҚТӨБЕ 2017



## АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДА САҚТАЛҒАН СҰЛТАН МҰРАСЫ

*Л.С.Нуркеева*

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі  
Табиғат және экологияны ғылыми-зерттеу  
бөлімінің аға ғылыми қызметкері*

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезеңі Қазақ өлкесі мен қазақ халқы үшін түрлі саяси мәселелердің күшеюімен толы болды. Соның ішінде патша үкіметінің қазақ жерлерін «артық, бос» деп танып, оған Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс шаруаларын қоныстандыру, жергілікті көшпелі халықтан шұрайлы жерлерді тартып алу үшін қабылданған қаулылар, қазақтардың шөлейтті аймаққа ығыстырылуы – ұлт-азаттық қозғалыстардың кезекті толқуларына әкелді.

«Тұңғыш заңгер», «Қазақ халқының адвокаты» атына ие болған Бақытжан сұлтан Қаратаев өз елінің қамын жеген біртуар нар тұлға. Бақытжан Бисалыұлы Қаратаев 1860 жылы 10-мамырда Орал облысының Қаратөбе ауылында дүниеге келген. Дәулетжан сұлтанның ұлы болғанымен ежелгі қазақы дәстүр бойынша атасы Бисалы Қаратаев бауырына басқан, сол себепті сұлтан өзін ресми құжаттарда Бақытжан Бисалыұлы деп көрсетеді (Озғанбай, 2013,21-б). Қазіргі деректерде Бақытжан сұлтанның туған ауылы Орал облысы, Қаратөбе ауданына қарасты Ақбақай ауылы екенің анықтап көрсетеді [1]. Ол Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың тікелей ұрпағы, дәлірек Әбілқайыр хан > Нұралы хан > Қаратай хан > Бисалы сұлтан > Дәулетжан сұлтан > Бақытжан сұлтан. Жас сұлтан әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Орынбор гимназиясын үздік бітірген (тарихшы В.К. Григорьев 1886ж. бітірді деп көрсетеді) [2,20-б]. Алғырлығы мен білімге деген құштарлығынан сол 1885 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1890 жылы бетіне «ИСПУ.1890.Каратаев» деп аты жазылған алтын медальмен аяқтап шығады [3]. Бақытжан сұлтан Қаратаев 65 жасында өз қолымен Халықтық Әділет Комиссариатының анкетасына толтырған мәліметтер бар: «Орал губерниясы, Жамбейіт уезі, Жақсыбай болысының №3 ауылында дүниеге келген, мамандығы-заңгер, 1878-1886 жылдары Орынбор гимназиясын, 1890 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген, қандай партияға мүше болғаны – 1905-1914жж. кадет, 1914-1917жж. РСДРП, 1917 жылы мамырынан большевиктер партиясына мүше (билет № 512441), 1907 жылы Мемлекеттік II Думаға депутат, Орал әскери казак үкіметінің нұсқауымен 15.04.1918-24.01.1919 жж. Орал түрмесінде болғанын толтырған, 1917 жылдың мамыр айынан коммунистік партияға мүше» [4]. Империя астанасында оқып жүрген студент Қаратаев демократиялық бағыт ұстаған түрлі студенттік толқуларға қатысады, сол үшін де бірнеше рет ескерту алады.

Университеттегі жетісулық Барлыбек Сыртанов, көкшетаулық Мәмбетәлі Сердалин, бөкейлік Бақытгерей Құлманов, ақтобелік Абдолла Теміровпен бірге бас қосып, жастарға қазақ тарихында ең алғашқы ұйытқы болған «Жерлерстер» ұйымын құрады (тауелсіздік аңсаған қазақ жастарынан бөлек кавказ, украин, сібір, поляк, түркі жастарының топтасумен түрлі жерлердегі жас ұйымдар құрылған). Жоғары білімді заңгер санатында болған «Бақытжан Қаратаев юстиция министрлігінің қарауына кіргізіліп, департаменттік басқару сенатындағы екінші мекемесіне қызметке қалдырылды» деп 1891 жылы «Дала уәлаяты» газетінің №10 санында жарияланып қазақ жұртшылығын бір қуанышқа да бұратана елдің мүддесін қорғайтын білікті маман империялық үкіметке қажет болмады. Бақытжан Қаратаевтың өз елі – Қазақ жерінде бірде-бір маман заңгердің жоқтығына қарамай үкімет оны Кавказға – Грузияның Кутаис қаласына тергеушілік қызметке тағайындаған. Жат жерге азаматын жалғыз жібермеу үшін сұлтанның демеуі, пана болуға Гурьев уезінен 18 отбасы Кутаис губерниясы Нева-Сенокі уезіне еріп көшіп барады. Өзге тіл, бөтен салт-дәстүр ортасы әуелгі кезде оңай болмағанымен білімі мол, жан-жақты дарынды, білікті заңгер-тергеуші Бақытжан Қаратаевты түркі елі толығымен мойындап өз дәстүрлеріне сай сұлтанды құрметтей алды [5, 29,31 бб]. 37 жасында туған өлкеге оралған сұлтан Қаратаев әуелі Орынборда тергеуші, 1897 жылдан бастап Оралда, Жымпитыда қорғаушы қызметінде болады, отаршылдық кебінен өз халқы азат етуді, патша үкіметін әшкерелеуге кіріскен қазақ зиялыларымен бірігіп 1905 жылы жазда Торғай және Орал қазақтарының петициясын орталық билік органдарына жолдаған. Онда жер-су мәселесіне қойылатын талаптардың бас-қасында Бақытжан Қаратаев болды. Ал көтерілген мәселелер мынадай еді:

- қазақ жерінде бұл күнге дейін қала салып алып, бейбіт өмір сүріп келе жатқан орыстар отыра берсең, олар алған жерге талабымыз жоқ. Бірақ қалған жеріміз мәңгі ұрпақ мұрасы ретінде басқа ешкімді ортақтастырмай, қазақ халқының өз пайдасына беріледі. Сондай-ақ, бұл жерді қазақ халқы императрица Анна Иоановнаның грамотасына сәйкес иқтиярлы, тығыздық көрмей пайдалансын;

- мұнан былай қазақ жерінен орыс шаруаларына жер жесімді бөліп берілмесін және қазақ жерінен переселен учаскелері бұдан былай ашылмасын;

- Дала Ережесінің 119-136, яғни осы он жеті баптың барлығы негізсіз деп танылып, күші жойылсын;

- қазақ халқының қолына жер мәңгілік өзіндік деген құжат берілсін.

Бақытжан Қаратаев бастаған қазақ делегациясы петицияны тиісті орындарға тапсырған соң Санкт-Петербургтағы II Николай патшаның қабылдауында болады, үкіметтің переселен (қоныс аударту) саясатымен жүргізіліп жатқан реформасының қазақтарға зиянды іс-шара екенін ауыстыра жеткізеді. Бұған генерал Ғұбайдолла Жәңгіров көп көмегін тигізген [6,33-34,43бб]. 1905 жыл шілдедегі патша қабылдауынан оң нәтиже шықпады, қазақ тобы сол уақытта империяда қалыптасып күшейген солшыл қозғалыстарға

бой ұсынады, ұйымын күш көреді [7], сойтіп 1905 жылы Орал қаласында Қазақстанның бес облысының өкілдері қағысқан съезде Ө.Бөкейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов делегат болды. Съезде «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру мәселесі қаралып, жыл соңында Оралдағы құрылтайда қабылданған партия бағдарламасын қазақ заңгері Бақытжан Қаратаев дайындаған [8,36-6]. Отаршыл үкіметтің озбырлы саясаты қазақ жері мен халқың әбден титықтатқан кезде қазақ саяси элитасы оппозициялық күшке айналуы заңдылық деп білемін.

Қазақ қадегтерінің бағдарламасында қазақ жері бүтіндей сол елдің меншігі деп жарияланатын заң қабылдауға қол жеткізу, ішкі Ресейден көшіп келушілер дегін тежеу, олардың қазақтың шұрайлы жер-суын тартып алуды тоқтату, қазақ жұмысшыларының мүддесін қорғайтын заңдар шығару, қазақ балалары үшін медресе, медресе, университеттер ашу т.б талап-тілектер болды [9], одан бұрын 1897 жылы қазақ балаларының білім алуы үшін Орынборлық реалды училищеге арнайы стипендиялық қор құруға ат салысады (10, 296-б). Елдегі талап-тараж ашуаларын көріп отырған Бақытжан Қаратаев патша үкіметінен қазақтың көрген зорлық-мұңын басапәз бетіне жариялап мемлекет және Ресей халықтарының назарын аудартуды көздейді, 1907 жылы мұнан айында «Орал» газетінде (1907ж қаңтардан бастап жарық көрген большевиктік газет) «Россия халқына ашық хат» пен «Оренбургский край» газетінде «Орыс азаматтарына» деп аталған үндеу-мақалаларын жариялайды [11], онда «Россия граждандары! Біз, казактар, үкіметтен көп қорлық көрдік, үкімет біздің жерімізге Ресей ішіндегі крестандарды көшіріп талауда... Бұл үшін бізге зорлық болған секілді бүтін Ресей халықтарына бек зарарлы деп өтініп қараймыз. Біздің иқтиярымызға үкімет бір де ілтифат етпеді.Үкімет біздің нағандық пен біздің оқымағандығымызды пайдаланып, біздің бүтін облыстардағы жақсы жерлерімізді талап алып, көшіп келген адамдарға беріп тұр. Бізге құмнан һәм шырғар, өрім өсетін жерлерден басқа бір нәрсе де қалмады» [12, 38-39бб]. Сол замандағы бұқаралық ақпарат құралдарының тиімді тетігі – газет, журналдар еді, 1907-1916 жж азартушылық жұмыспен айналысқан Бақытжан Қаратаев «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналын шығаруға көмектеседі [13], яғни бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің бастауы болған «Қазақстан» газетін Ғ.Қараш, Ш.Бөкеев және Е.Бұйырменмен бірге қолға алған, И.Жаманшалов және Рамышевпен бірге Санкт-Петербургта қазақ тілінде «Алаш» газетін шығаруға кіріскенімен газеттің жарық көруіне жол берілмеді [14]. 1908 жылы Бақытжан Қаратаев Елжан Оразов және Серәлі Лапинмен бірге қазақтарды жерге орналастыру туралы заң жобасын жасап шығарады. Бұнда әуелі қазақтарды мал және егін шаруашылығына қолайлы жерге орналастырып, содан артып қалған жер болса ғана көшіп келушілерді орналастыру және жерге орналастыру жұмысын жүзеге асыратын облыстық, уездік комиссия құрамына казактардан өкілдерді кіргізу мәселелері қойылды [15,40-6]. Алайда, қазақ халқының көшпелі шаруашылықты ұстанатынын






ескерместен Столыпин аграрлы реформасы нәтижесінде «бос жатқан жерлер» переселен-қарашекпенділерге аяусыз үлестірілді. 1906-1912жж. П.Скрышнев пен П.Румянцев бастаған статистикалық экспедициялар ақыры қазақ жерлерінің тартып алуына әкелді, помещиктер мен кулактардың жерге иелігі өсіп 1913 жылы «Сібірдегі, Дала өлкесіндегі және Түркістандағы қазыналық учаскелерді жалға беру туралы уақытша ереже» бекітілген соң генерал Яснов, полковниктер Козлов пен Семенов, помещик Потоцкий, Варун-Секрет, көпестер Заболотников, Сорокин, Остроухов т.б. десятинасына 10-25 тиын төлеп, ауқымды қазақ жерлерін 36 жылға жалға алған. Переселен саясаты нәтижесінде патша үкіметі Қазақстанда өзіне жаңа сүйеніш — отарлаушы кулактар арқылы сенімді тірек тапқан еді [16,46-6].

Жүргізіліп отырған саясаттың астарында қазақ халқы өз жері, мал-мүлкінен айырып, өз елінде халық азшылығына айналдыру жатқанын білген ұлт зиялылары өз бастарына төнген қауіп-қатерді елмені соңына дейін күресуге бел буады. 1905 жылдың желтоқсанында патшаның екі манифестінің негізінде құрылған I Мемлекеттік Думаға үлкен айтыс-тарғыспен «бұратана халықтан» депутат сайлауға мүмкіндік алған қазақ зиялылары ішінен кейін 1907 жылы қаңтар-ақпан айларында II Мемлекеттік Думаға Орал облысынан Бақытжан Қаратаев, Ақмола облысынан Шәймерден Қосшығұлов, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан Темірғали Нұрекенов, Сырдария облысынан Тілеулі Алдабергенов, Астрахань губерниясынан Бақтыгерей Құлманов — мұсылмандар фракциясына, Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышпаев — кадет фракциясына тіркеліп депутат боп сайланады. Олар Дума мінбесінен патша үкіметінің отаршыл және аграрлы саясатының өктемдігін ашып айтты. 1907 жылғы «Айқап» журналының №11 санында «Қазақ жері хақында» деген мақалада сол жылдың наурыз айында II Мемлекеттік Думаның депутаттары Қаратаев, Бірімжанов, Қосшығұлов һәм Нұрекенов бас министр Столыпинмен, жер министрі дәрежесіндегі кінәз Васильчиковқа жолығып жер мұқтажын айтады, соның ішінде депутат Қаратаев «Қарашекпенділерді переселеннен тоқтату керек, Азиатск облыстарындағы қазақ жерлерін өлшеп, жақсысы қанша, жаманы қанша екенін білу керек, одан соң артық жерлер болса, переселенне пайдасына шығару керек. Жаман жерлерін ешкім қызғанбайды» [17] деген талабына Васильчиков «XX ғасырда қазақтардың (киргиздардың) көшпелі өмір салтын тоқтату керек. Сол үшін де жаңа қоныстанушылар керек-ақ» [18, 47-6] деп қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына менсінбеушілік таныта жауап берген болатын. Алайда депутат Бақытжан Қаратаев қазақ жері мен қазақ халқының мәселесін Дума мен баршаға айтып, үкімет саясатын қатты сынға алды, бұған оның 1907 жылы 16 мамырда II Мемлекеттік Дума (сессия II, отырыс 39) мінбесінен сөйлеген сөзі куә. Мәтіннің орысша нұсқасын (түпнұсқаға жақын) 1992 жылы жарық көрген республикалық «Мұрагер» журналының №2 санында тарихшы В.К. Григорьевтің мақаласынан [19, 18-19-бб] оқуға болады. Ел мүддесі үшін қазақ зиялыларының бар өмір жолы

ташай қиын-қыстауда өтті, бірақ өз халқының империялық кемсітушілік пен құқықтарының аяқасты болуымен күрес жүргізген нағыз саяси топ еді.

Қазақ халқының тұңғыш заңгері Бақытжан Қаратаевтың еңбектері кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұра болды, өзі көріп және өзіне қатысты оқиғаларды бірнеше жылда жазып шыққан «Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов», «Из истории Алаш-Орды», «К истории революционного движения в Уральской губернии», «Первый полководец казахских частей — А.Джангельдин», «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаса» еңбектері қалды. 1919 жылы II қыркүйекте құрылған Орал мен Бөкей қазақтарының ревкомын басқарған Бақытжан Қаратаев «Қазақ халқының қайраткерлеріне», «Құрметті қарттарға», «Керей руының ұлдарына» деген үндеулер жариялап, Кенес өкіметі туралы шындықты баяндайды [20]. Отбасылық жағдайына келсек: сұлтанның бірінші әйелі — Әбуханиф Күнтөркеқызы Сейдалина, одан Езббас (1893ж. туған), Шәміл (1899ж. туған), Мұрат деген ұлдары мен София атты қызы болған. Бәйбішесі қайтыс болғаннан кейін сұлтан екінші рет Рахила Ақшақызына үйленіп одан Зейнеп деген қызы болған. Үшінші әйелі Саржан Байманқызынан балалары болмаған [21, 141-142-бб]. Қазақ халқы үшін туған тұңғыш заңгер сұлтан Бақытжан Қаратаев ұзақ дерттен соң 1934 жылы 26 тамыз күні Ақтөбе қаласында дүниеден озды, бейіті ескі қазақ-орыс қорымында. Тек ақтөбеліктердің ғана емес, күллі қазақтың есінде мәңгі қалған Бақытжан Қаратаевтың есіміне Ақтөбе облыстық атқару комитетінің 20.01.1967ж. №16-2 шешімімен көше берілді [22]. Сұлтанның өзі мен ұрпақтарынан сыр шертетін біршама ескерткіш-жәдігерлер, фото, құжаттық деректер Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр: 1) қолданыста болған түкті кілем (Кутанси қаласында тұрғанда ұстаған, ГКП-332, өлшемі: 125x200см); 2) XIX ғасырға тән фарфор төрелкелер (қорда № 16413/1, 16413/2 тіркелген); 3) сабы ұзын ожау (№ 16415, өлшемі: 10x25 см); 4) фарфор бокал (№ 16226, XIX ғасыр, түбінде Москва қаласының гербі бар); 5) қасық (№ 16416, өлшемі: 22x55 см); 6) бес сақиналы білезік; 7) Бақытжан Қаратаевтың 1886-1890жж студент кезіндегі суреті; 8) Қаратаевтар және грузин князінің отбасыларымен бірге 1890 жылы Кутанси қаласында түсірілген сурет; 9) Бақытжан Қаратаевтың 1890 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетін бітіргенде алған алтын медаль суреті; 10) Бақытжан Қаратаев және зайыбы Әбуханиф Сейдалина-Қаратаева 1890 жылы Грузияда түскен түпнұсқа суреті. Және де Қаратаев әулетінің ұрпақтары қолданған мақпал перде де өз орнын музейден тапқан. Музей қорында сақталған сұлтаннан қалған мұра болашақта толық зерттеліп, өскелең ұрпаққа үлкен өнеге болады деп сенемін. Өз халқы мен елінің тәуелсіздігі, жарқын өмірі үшін аққын, ерік-жігерін аямай бар ғұмырын сарп еткен тұңғыш заңгер Бақытжан сұлтан Қаратаевтың есімі әрбір қазақтың есінде мәңгі сақталуы тиіс.

**Суреттер тізімі:**

- 1-сурет: Студент Бақытжан Қаратаев. 1886-1890жж.
- 2-сурет: Бақытжан Қаратаев және грузин князі отбасыларымен.
- 3-сурет: Қазақ тарихында қалған Қаратаевтар.
- 4-сурет: II Мемлекеттік Дума отырысының стенографиялық есебі. 1907 жыл 1 мамыр-21 маусым аралығы.
- 5-сурет: Бақытжан Қаратаевтың бейіті (қазіргі уақыт) 26.08.2016.
- 6-сурет: Түкті кілем (музей қоры)
- 7-сурет: Макпал перде (музей қоры)

**Әдебиеттер тізімі:**

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/ Бақытжан\\_ Бейсәліұлы\\_ Қаратаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Бақытжан_Бейсәліұлы_Қаратаев)
2. Григорьев В. Его не услышали // «Мұрагер», № 2. – А.; 1992, 20-б
3. <http://www.studfiles.ru/preview/3535393/>
4. <http://muragat.aktobe.gov.kz/kk/node/3421>
5. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013. 5,29,31 бб.
6. сонда. 33-34,43 бб.
7. [http://el.kz/m/articles/view/ Бақытжан\\_ Қаратаев](http://el.kz/m/articles/view/Бақытжан_Қаратаев)
8. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013. 8,36-бб.
9. [http://el.kz/m/articles/view/ Бақытжан\\_ Қаратаев](http://el.kz/m/articles/view/Бақытжан_Қаратаев)
10. История Актюбинской области (отв.ред.Бисембаев А.А). - Ақтобе.; 2006, 296-б
11. [http://el.kz/m/articles/view/ Бақытжан\\_ Қаратаев](http://el.kz/m/articles/view/Бақытжан_Қаратаев)
12. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013, 38-39 бб.
13. [https://kk.wikipedia.org/wiki/ Бақытжан\\_ Бейсәліұлы\\_ Қаратаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Бақытжан_Бейсәліұлы_Қаратаев)
14. <http://temakosan.net/load/>
15. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013, 40-б.
16. сонда. 46-б.
17. old.abai.kz
18. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013, 47-б.
19. Қаратаев Б.Б. Речь на II сессии Государственной Думы второго созыва // «Мұрагер», № 2. – А.; 1992. 17,18-19 бб.
20. <http://alashainasy.kz/tul/28069>
21. Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А.; 2013, 141-142 бб.
22. <http://muragat.aktobe.gov.kz/kk/node/3421>.